

Альмухамбетова Бибиғуль Жексембаевнаның 6D010300 –
Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім беруді қажет ететін
білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен
колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми консультанттың

ШКІРІ

Бұтінгі таңда еліміздегі мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі білім беру жүйесінің дамуы болып табылады. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптеріне сапалы білім алуга барлығының құқықтарының тенденциясы, әр адамның интеллектуалды дамуын, психофизиологиялық және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, халықтың барлық деңгейі үшін білімге қолжетімділігі жатады. Сапалы білімнің барлығы үшін қолжетімді болу шартын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру болып табылады. Бұтінгі таңда нашар еститін білім алушылардың кәдімгі үлгідегі университетте және колледже кәсіптік білім алыны, қазіргі уақытта айрықша жағдай емес.

Ғылыми әдебиетте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу мәселесінің өзектілігін көрсететін жұмыстар зерделенді. Нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайы, әсіресе жалпы оку топтарының контингентіндегі зерттеулер, психологиялық-педагогикалық теория мен практикада осы санаттағылардың эмоциялық ортасын дамыту мәселелеріне ұзақ уақыт бойы жеткілікті назар аударылмағаны теориялық талдау барысында айқындалды. Зерттелетін мәселені теориялық талдау эмоциялар психологиясын зерттеу мен дамытудағы қолданыстағы бағыттардың олардың зерттеу моделін ұсынумен байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Осылан байланысты, қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық ортасын дамытуды зерттейтін моделі жоқ екендігі анықталды. Осылайша, рецензияланатын диссертация тақырыбының өзектілігі Қазақстан үшін де басым мәнге ие қазіргі заманғы талаптар мен осы саладағы халықаралық көрсеткіштерге сәйкес жоғары және орта кәсіптік білім беруді дамытудың XXI ғасырдағы нақты үрдістерімен, білім беру сапасын қамтамасыз ету және жоғары оку орындары, колледждер қызметінің тиімділігін бағалау мәселелерімен байланысты болып отыр. Бұл тұрғыда Б.Ж.Альмухамбетованың диссертациялық зерттеуі «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбы педагогика мен психологияның өте өзекті мәселесіне арналған.

Б.Ж.Альмухамбетованың диссертациялық зерттеуінде ғылыми нақтылығы мен негізділігі күмән тудырмайтын бірқатар жаңа маңызды нәтижелер бар. Диссертациямен жұмыс барысында психологиялық-

педагогикалық әдебиеттерді, қажетті құжаттаманы байыпты талдау және жалпылау нәтижесінде автор ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің эмоциялық жағдайларын (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында) нақтытайтыны, олар ЕБҚ бар жеке тұлғаның сыртқы жағдайларды, ішкі мінталандыруларды және субъективті тәжірибелерді жағымды бағалауга мүмкіндік береді, бұл білім алушының психофункционалды жағдайына және оку тиімділігіне қарамастан, оны өмірдің қолайлы жағдайына тен позицияларда бәсекеге қабілеттілікке әкеледі.

Инклузивті білім беру күрылымында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке тұлғалық аясы туралы түсініктерін көнегейтуге мүмкіндік беретін ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайының проблемалары талданып;

ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды;

Жоғары оку орындары мен колледждерде нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайына эмпирикалық зерттеу үйімдастырылып, жүргізілді.


ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайын зерттеудің күрылымдық-мазмұндық моделі диссертанттың сыртқы және, тиісінше, ішкі жоспарларындағы жүйеленген танымдық қызметтің көрсетеді. Айта кету керек, автор жасаған модель түсіндірме иллюстрация ретінде емес, басынан бастап зерттеу құралы ретінде пайдаланылды, зерттеушінің үйімдастырушылық іс-әрекеті мазмұнының ерекшелігін негіздеуге және оның қызмет үдерісін ашуға мүмкіндік берді. Зерттеудің нақтылығы мен ғылыми жаңалығының дәрежесін оң бағалай отырып, диссертацияның практикалық маңызы зор екенін атап өткен жөн, өйткені оның материалдары ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде, жоғары оку орындарында магистранттар мен докторанттар одан әрі зерттеулер жүргізген кезде пайдаланылуы мүмкін, әзірленген ұсыныстар осы үдерісті одан әрі жетілдіруге ықпал етеді. Б.Ж.Альмухамбетованаң диссертациялық жұмысында зерттеудің қойылған міндеттері толық көлемде ашылған.

Баяндалғаның негізінде Б.Ж.Альмухамбетованаң «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі аяқталған ғылыми-біліктілік жұмыс болып табылады, ол Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына жауап береді, ал оның авторына 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы PhD ғылыми дәрежесін беруге лайық деп қорытынды жасауға болады.

Ғылыми кеңесші:
философия докторы PhD,
Ілияс Жансұгіров атындағы
Жетісу университеті.



Э.Д. Баженова



Көлік Баженова Э.Д.
РАСТАЙМЫН